

ПӘТЕРІҢІЗДІ СЫЙҒА ТАРТҚЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?



1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

Пәтеріңіз неше бөлмелі?

Пәтеріңіздің мекенжайы қалай?

Пәтеріңіздің жалпы ауданы қанша шаршы метр?

Пәтерде қанша адам тіркелген?

Иеліктен шығарылатын жылжымайтын мүлікте қанша адам тұрады?

Кәмелетке толмағандар тіркелген бе?

Сіз сатып-алу/сыйға тарту шартын жасай алмайсыз.

Сіз пәтерді сата алмайсыз.

Сіз мәміле жасай алмайсыз.



2. Тыңдаңыз, сәйкестендіріңіз.

Пәтерде
Пәтеріңіз
Пәтеріңіздің
Пәтеріңіздің
Иеліктен шығарылатын
Кәмелетке толмағандар
Сіз пәтерді
Мүлікті иеліктен айырғаннан кейін мүлікке

олардың тұратын баспанасы бар ма?
тіркелген бе?
билік ету бойынша
жылжымайтын мүлікте қанша адам
тұрады?
сата алмайсыз
мекенжайы қалай?
неше бөлмелі?
жалпы ауданы қанша шаршы метр?
қанша адам тіркелген?



3. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

– _____ ?

– Республика даңғылында тұрамын.

– Пәтеріңіз _____ ?

– Пәтерім 3 бөлмелі.

– Пәтеріңіздің жалпы _____ ?

– Пәтерім 98 шаршы метр.

– _____
_____ тіркелген?

– Пәтерде 5 адам
тіркелген.

– _____
_____ бе?

– Иә, 3 бала тіркелген.





4. Сұрақтарға жауап жазыңыз.



Пәтеріңіз неше бөлмелі? _____.



Пәтеріңіздің мекенжайы қалай? _____.



Иеліктен шығарылатын жылжымайтын мүлікте қанша адам тұрады? _____.



98 м²

Пәтеріңіздің жалпы ауданы қанша?

Пәтерім _____.



Пәтеріңізде қанша адам тіркелген?

Пәтерде _____.



Кәмелетке толмағандар тіркелген бе? _____.



5. Сұқбат бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын белгілеңіз.

№	Ақпарат	дұрыс	бұрыс
1	Республика даңғылында тұрамын.		
2	Пәтерім 1 бөлмелі.		
3	Пәтерім 99 шаршы метр.		
4	3 бала тіркелген.		



6. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Пәтерде неше адам тіркелген?

Пәтеріңіз неше шаршы метр?

Пәтеріңіз неше бөлмелі?

Сіз пәтерді сата алмайсыз.

Сіз мәміле жасай алмайсыз.

Кәмелетке толмағандар тіркелген бе?

Қайда тұрасыз?